

Баяндама

COM/EC/ REP/001/FINAL

## **АЛТЫНШЫ ОТЫРЫС**

### **ТҮРКПА ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕРДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК КЕЛЕШЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША**

#### **I. КІРІСПЕ.**

1. Әлемдік деңгейдегі жоғары турбуленттілік жағдайларында кәсіпорынның, өнеркәсіптің және экономиканың жалпы бәсекеге қабілеттілігі инновацияларды белсенді пайдалануға негізделеді, бұл, өз тарапынан, жаңа өнімдерді, жаңа жұмыс орындарды құруға, инвестициялардың жоғарлауына және экономикалық дамудың жалпы деңгейінің өсуіне апарады.

2. Экономиканың инновациялық түрін ұстанатын елдер экономикалық дамудың жоғары көрсеткіші, білім мен ғылымның жоғары деңгейі, инновациялық кәсіпорындардың және инновациялық өнімнің жоғары үлесі (60-80%-дан астам), ЖІӨ бөлігі ретіндегі жоғары технологиялық салалар үлесінің өсуі (ЖІӨ-нен 17-20%), ҒЗОКЖ айтарлықтай қаржыландырылу және т. б. сияқты айырмалық ерекшеліктермен сипатталады.

3. Бүгін инновациялар мен білімге негізделген экономиканың үлкен стратегиялық әлеуеті бар. Бұл инновациялық экономиканың макроэкономикалық ауытқуларға азырақ тәуелді болуына байланысты, өйткені өндірістің инновациялары мен құрылымдық жіктелімдерін пайдалану бағалардың өзгеруіне және айырбас бағамдардың ауытқуларына жоғары қарсылыққа мүмкіндік тудырады.

4. ТҮРКПА қатысушы елдерде инновациялық экономиканы қалыптастыру беталысы батыс елдердегі және АҚШ-ғы ұқсас беталыстардан біршама ерекшеленеді. Жетекші орындарға Ұлыбритания, Швейцария, Америка, Финляндия, Швеция иеленген. Бұл елдер табыстың жоғары деңгейімен сипатталады.

ТҮРКПА қатысушы елдер (Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия) бірқатар көрсеткіштер бойынша ТҮРКПА көшбасшыларының үлгілері болып табылады. Сонымен қатар келесі беталыс байқалады: жоғары технологиялық өнімнің импорты оның экспортынан айтарлықтай артып кетеді, бұл технологиялармен тиімсіз алмасуға апарады.

5. ТҮРКПА қатысушы елдер нарығында сыртқы нарықта жұмыс істейтін халықаралық компаниялар мен кәсіпорындар жоғары инновациялық белсенділік көрсетеді. Жағдайлардың көбінде инновациялар бизнес-үдерістерден және инновациялық технологияларды енгізуден ажырамайтын болады. Жаңа өнімдерді енгізу компаниялардың инновациялық қызметтерінің айтарлықтай үлесі болып табылады, дегенмен осы өнімдер әлемдік нарық үшін емес, тек қана осы компаниялардың өздері үшін жиі жаңа болып табылады.

6. Жалпы алғанда, көрсеткіштер ТҮРКПА қатысушы елдері инновацияларды пайдалануда үлкен әлеуетке ие, бірақ бұл үшін ҒЗОКЖ бүкіл секторын жаңғырту, ғылыми және инженерлық қызметкерлер құрамына және кешенді инновациялық жүйеге деген сұранымды қалыптастыру қажет. ТҮРКПА елдерінде инновациялық экономиканың жаңғыртылуы мен дамуы- ол осы ұйымның қатысушы мемлекеттерінің айрықша құзыреті екендігін айтып ескерту қажет.

Бизнес пайда алуға бағдарланған болғандықтан мемлекет елге халықаралық нарықта бәсекелік артықшылық тудыратын салаларды инновациялық дамыту векторын құру қажет.

## **II. ТҮРКПА қатысушы елдердегі инновациялық кәсіпкерлік келешегі мәселелері бойынша есептеме**

7. Ағымдағы кезеңде дамыған елдерде қызметтің әртүрлі салаларында әзірлеудің тиімді жүйесіне және ең жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге негізделген инновациялық экономикаға бет бұру орын алуда. Қазіргі таңда арзан біліктігі жоқ жұмыс күшке негізделген өндірістік кезең аяқталып келеді. Және де ең басты ресурс ретінде тек қана инновацияларды қабылдау қажет емес, сонымен қатар оларды жүзеге асыруға талпыну қажет болатын адам табылады.

8. Осыған орай инновациялық кәсіпкерліктің дамуына, қалыптасуына және жұмыс істеуіне барабар тәсілдемелерді іздеу қажеттілігі пайда болды, өйткені дамудың инновациялық жолымен қозғалу тек қана елдің жинақталған инновациялық әлеуеті мен оның келешектегі кеңеюін тиімді жүзеге асыру үшін

жағымды жағдайлар болғанда, сонымен қатар инновациялық үдерістерді басқарудың тиімді механизмі құрылғанда мүмкін болады.

9. Инновацияларды енгізудің тиімділігі маркетинг мақсаттарымен үндеседі, ал инновациялық қарым-қатынастардың тиімділігі клиенттердің санына, клиенттік базаға, қарым-қатынастардың тығыздығына, эмоциялық-психологиялық және ұйымдастырушылық-экономикалық қарым-қатынастардың сапасына, инновациялардың нәтижелерінің және шығындарының ара салмағына, инновацияларды сату мен тұтынуға байланысты болады. Инновациялық маркетингті пайдалану ерекшелігі кәсіпорын жұмыс істейтін салаға, оның қаржылық мүмкіндіктеріне, инновациялық өнімді тұтынушыларына байланысты болатынын көрсету қажет.

10. Жалпы алғанда біз инновациялық маркетингтің стратегиясы болып табылатын 6 кезенді атап көрсете аламыз: нарықтың жалпы экономикалық талдау, экономикалық конъюнктураны талдау, нарықты арнайы зерттеу, инновациялардың ену жүйесін әзірлеу, операциялық маркетингтік қызмет және маркетинг шығындары мен пайдасын бағалау. Кәсіпорын инновациялық материалды тиімді пайдалану үшін оған ресурстар мен мүмкіндіктер қажет, оның ішінде зияткерлік, қаржылық, материалдық және адами. Дегенмен, уәждеме- ол инновацияларды, маркетингтік құралдарды және макроэкономикалық ортаның кәсіпорын күйіне ғылыми-техникалық әсер етуін қажетсіну.

### **Әзірбайжандағы инновациялық кәсіпкерлік**

11. Қазіргі кезде Әзірбайжан инновациялық әлеуметтің дамуымен, кадрлық ресурстарды жақсартумен, нормативтік базаны жетілдірумен жұмыс істеуде. 2014 жылғы ақпан айында Әзірбайжан Республикасы Президенті Әзірбайжан Республикасының «Әзірбайжан 2020: Болашаққа көзқарас» Даму тұжырымдамасына негізделген Аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2014-2018 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдады. Әзірбайжан ғылыми инфрақұрылымның дамуын, ғылымның материалдық-техникалық базасының жаңғыртылуын және осы саладағы ақпараттық қолдау жүйелерінің электронды пішімге көшуі үшін жағдайлар жасауды жоспарлайды. Инновациялық экономика құру үшін Әзірбайжанда

ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстар нығайтылатын болады, нарық талаптарына сәйкес қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажет механизмдер құрылды. Инновациялық кәсіпкерлерді дамытуға және қызметтің жаңа түрлерін және өнімдерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасаудан басқа озық технологияларды тарату және дамыту бойынша іс-шараларды нығайту, ғылымды қажетсінетін өнімдер мен технологияларды әзірлеу және пайдалану үшін арналған технопарктер мен инновациялық аймақтарды құру жобаланады.

12. Қазіргі таңда тиісті **нормативтік-құқықтық** базаны дайындау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр, Ақпараттық технологияларды дамытудың мемлекеттік қоры құрылды. Қор Әзірбайжан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 15 наурыздағы № 2095 Жарғысымен құрылған. Оның венчурлық қаржыландыру құқығы («шағын инновациялық заңды тұлғалардың» қызметіне ұзақ мерзімді және тәуекелді инвестициялар) *(дереккөз- «Әзірбайжандағы экономикалық реформаларды шолу», сәуір 2017 ж.)*, сондай-ақ конкурстық тәсілдермен тандалған бастапқы жобаларды қаржыландыруға құқығы бар. 2015 жылдың 1 қазандағы жағдай бойынша АКТ саласында 169 жобаға қаржылық қолдау көрсетілді.

13. **Инновациялық дамуды қолдаудың инфрақұрылымы.** Әзербайжанда өнеркәсіп салаларының аумақтық бөлінуінде үлкен сәйкессіздіктер болған. Елдегі өнеркәсіптік өндірістің шамамен 60%, базалық өндірістік активтердің 57% Апшерон экономикалық аймағында шоғырланған. Біртұтас әлеуметтік-экономикалық даму мақсатында ел шартты түрде экономикалық аймақтарға бөлінген болатын: Апшеронский, Аран, Таулы-Ширван, Гянджа-Газах, Губа-Хачмаз, Нахичеван, Кельбаджар-Лашын, Шеки-Загатала, Жоғарғы Қарабах. Әзірбайжан Республикасының Үкіметі түрлі бейінді технопарктерін, бизнес-инкубаторларды және «өндірістік нысандарды» құру арқылы өндірістік қуаттарды шоғырландырудың түбегейлі жаңа механизмдерін қолданады. Технопарктер, ең алдымен, ірі зауыттар мен фабрикаларды орналастыру үшін арналған, сыртқы нарықтарға өнім жеткізуге бағытталған жаппай өндірісті дамытуға бағдарланған. Бүгінгі күні Сумгаит және Балахан технологиялық парктері, сондай-ақ жоғары технологиялық парк пайдалануға берілді. Әзірбайжанның серпінді дамуын жалғастыру табиғи және экономикалық ресурстарға негізделген өнеркәсіптік нысандарды қалыптастыруды жеделдетуді және жалпы қосылған құнның үлкен көлемін құруды көздейді. Бакудегі Гянджа, Мингечевир және Қарадаг аудандарында заманауи индустриалдық парктерді құру бойынша жұмыстар жалғасуда.

#### **14. Инновацияларды дамыту үшін арналған бағдарламалар мен ішаралар.**

Әзірбайжан бизнес-инкубаторларының басты міндеті - АКТ секторын дамытуға, шағын ауқымды ғылымды қажет ететін өндірісті дамытуға және инновациялық қызмет, ғылыми-зерттеу, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қызмет көрсету және т. б. саласындағы кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға арналған бизнес-идеяларды әзірлеу және енгізу. Бірінші бизнес-инкубатор 2014 жылдың қыркүйегінде Губа-Хачмаз экономикалық аймағында құрылды, екіншісі Аран экономикалық аймағында ашылады, ал үшінші өзінің жұмысын сумгаит химия индустриалдық паркінде екі жылдан кейін жұмыс істей бастайды және негізінен өнеркәсіптік секторға бағдарланған болады. Бизнес-инкубаторларды құру және олардың жұмыс істеуі жастарды инновациялық бизнес-ортаға қолдау және тарту үшін 2013 жылы әзірленген Әзірбайжан Республикасы Экономика министрлігінің жобасымен тікелей байланысты. Соңғы 12 жылда 3000-ға жуық жас кәсіпкерлерді қолдау үшін 340 млн. АҚШ доллары бөлінген болатын. Бизнес-инкубаторларды құру өңірлердегі жұмыспен қамтудың өсуіне, инновациялық және перспективалық бағыттардың дамуына ықпал ететін болады деп болжануда, өңірлік бизнес-жоспарлар мен инвестициялық жобаларды құруға мүмкіндік тудырады деп күтілуде. Әзірбайжанда өндірістік процесті ұйымдастыруға, кооперативтік байланыстарды нығайтуға, шағын және орта бизнесті дамытуға және басқа да мәселелерге инфрақұрылымның құнын төмендету тұрғысынан маңызды болып табылатын өнеркәсіптік блоктарды құру жұмыстары жалғасуда. Әзірбайжанның негізгі бизнес қауымдастықтары, даму институттары, венчурлық қорлары, инновациялық компаниялары, мысалы, 2009 жылдың 24 желтоқсанында ашылған Сумгаит технопаркі (СТП). СТП жалпы ауданы 250 гектар құрады, паркті одан әрі кеңейту жоспарланған.

**15. Инновациялық қызметті мемлекеттік қаржыландырудың көздері, көлемдері мен механизмдері.** Барлық зауыттарда AZS ISO / ISEC 17025-2009 стандарты бойынша аккредиттелген еуропалық өндірістің ең жаңа зертханалары жұмыс істейді. Өндірілетін өнімдердің сәйкестік сертификаты бар, сонымен қатар ISO 9001 және OHSAS 18001 халықаралық стандарттар да қолданысқа енгізілді. Жоғары технологиялар паркі (ЖТП) Әзірбайжан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 5 қарашада №736 Жарлығымен құрылған болатын. Әзірбайжан заңнамасына сәйкес, ЖТП резиденттері келесі салықтардан босатылады: ҚҚС, табыс салығы, жер салығы, мүлік салығы.

Бұдан басқа, ЖТП ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалану үшін импортталатын жабдық ҚҚС-тан босатылады. ПВТ келесі бағыттар бойынша өз қызметін жүзеге асыратын компанияларды қолдайтын болады: интернет-бизнес, ғарыш және телекоммуникация, мобильді құрылғыларға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, биотехнология, медициналық бағдарлама, графикалық анимация, жарықдиодты технологиялар, робототехника және механика, энергияны үнемдейтін жүйелер, энергия баламалы көздері. 2014 жылдың ақпан айынан бастап ЖТП Дүниежүзілік ғылыми парктер қауымдастығының, инновациялық орталықтардың және басқа да инновациялық құрылымдардың мүшесі болып табылады. Балахан индустриялық паркі. Балахан индустриялық паркінің құрылысы 2012 жылдың желтоқсанында басталды. Парктің мақсаты болып жоғары технологиялар негізінде елдің бәсекеге қабілетті өнеркәсіп өнімдерін өндіруді, шикізаттық емес секторды орнықты дамытуды, өңдеу секторындағы жұмыс орындарын ұлғайтуды және Баку қаласы мен қала маңы елді мекендерінің экологиялық жағдайын жақсарту табылады. Өнеркәсіптік парк пластмасса бұйымдарын, шиналарды, электрлік және электрондық құрылғыларды, аккумуляторларды, түсті металдарды, кабельді және басқа тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуді қамтамасыз етеді. Парктің көлік торабына жақын орналасуы қайталама өңдеу өнімдерін немесе өндірілген өнімдерді сату нарығына кедергісіз жеткізу үшін жағдайлар жасайды. Парктің резидент компаниялары жеті жылға ішінде табыс салығының төрт түрінен, жер және мүлік салығынан, жабдықтар мен технологияларды импорттағанда ҚҚС-тан босатылады *(дереккөзі - Әзербайжандағы экономикалық реформаларды талдау орталығы, Баку қ. Мамыр 2017 ж.)*.

**16. Жеке технологиялық салалардың дамуының ағымдағы жағдайы.** Әзірбайжан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Ғылыми Инновациялар Орталығы, Әзірбайжан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2008 жылғы 22 тамыздағы № 197 қаулысымен Ұлттық Академияның Ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен қорғалатын диссертацияларды Тіркеу мемлекеттік орталығы Ғылыми Инновациялар орталығы (ҒИО) деп атауын өзгертті. ҒИО мақсаты болып білімдер салаларымен байланысты зерттеулер мен әзірленімдерді талдау, озық технологиялар мен инновацияларды жинау, ақпараттық базаны құру табылады. 2014 жылғы 1 қарашада Әзірбайжан техникалық университеті Әзірбайжан Халықаралық жобаларды басқару қауымдастығының Әзірбайжан бөлімшесімен бірлесіп Әзірбайжан техникалық университетінің Жобаны

басқару және инновациялық орталығы құрылды. Жобаны басқару және инновациялар орталығының негізгі мақсаты болып Әзірбайжан Республикасында халықаралық стандарттар мен жобаларды басқару әдістемелерін енгізу табылады. Сумгаит химиялық индустриялық паркі (СХИП) Әзірбайжан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 548 Жарлығымен құрылды. СХИП өнеркәсіптік аймағы полимерлер химиясы, құрылыс химия, автомобиль өнеркәсіп химиясы, агрохимия, тұрмыстық химия және медициналық химия кластерлеріне бөлінеді. АӨК мақсаты болып Әзірбайжан экономикасының мұнай емес секторының дамуын қолдау табылады. АӨК-нің инвестициялау үшін негізгі бағыттары болып ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік өндіріс, баламалы энергетика, АКТ секторы және т. б. табылады. Инновациялар мен жоғары технологиялар саласындағы халықаралық іс-шаралардың тізбесі: 2017 ж. 1-2 шілде. CASPIAN OIL & GAS 2017 24-ші Халықаралық көрме және конференция «Каспийдің мұнайы мен газы», 2017 ж. 31 мамыр - 3 маусым. CASPIAN POWER 2017 7-ші Каспийлік халықаралық көрме «Энергетика және баламалы энергетика», 2017 жылғы 18-21 қазан STE 2017 «Каспий: қоршаған ортаны қорғауға арналған технологиялар» Экологиялық қорғаныс саласындағы 8-ші халықаралық көрме, 2017 жылғы 5-8 желтоқсан BAKUTEL 2017 23-ші Әзірбайжан халықаралық көрмесі мен конференциясы «Телекоммуникация және ақпараттық технологиялар».

### **Қазақстан Республикасындағы инновациялық кәсіпкерлік**

17. Қазақстандағы инновациялық жүйені одан әрі дамытудың жалпы тәсілдемелері анықтайтын **нормативтік-құқықтық база**. Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығымен бекітілді. Тұжырымдаманың түпкілікті дайындалуы және бекітілуі Президент Шетел инвесторлар кеңесінің 26-пленарлық отырысына 2013 жылғы 22 мамырда шығарған нұсқауларды ескерумен орындалған болатын. Тұжырымдама негізгі нәтижелерді жинақтап, Қазақстандағы инновацияларды дамытудың үш ықтимал сценарийін ұсынады. Тұжырымдаманың жалпы идеясы- қолбасшылық жобаларды жүзеге асыру арқылы жеке инновациялық бастаманы әзірлеуге көшу.

Тұжырымдама 21 мақсатты қамтиды. Олардың ішінде:

- 2015 жылға инновациялық қызметтің деңгейін 20% -ға, 2020 жылға қарай - 50% -ға жеткізу;
- 2020 жылға қарай ЖІӨ-дегі инновациялық өнімнің үлесі - 2,5%;

- ҒЗТКЖ-ға шығындар 2020 жылға қарай ЖІӨ-ден 2%.

Тұжырымдаманы іске асырудың негізгі нәтижесі болып жоғары конверсиялық өнімдердің 4-есе жоғарлау табылады (технологиялық күрделіліктің 5-6 деңгейі) *(дереккөз- Стратегия 2050. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы)*.

**18. Инновациялық дамуды қолдаудың инфрақұрылымы.** Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың инфрақұрылымы кәсіпкерлік қызметті құру, жұмыс істеу және дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайтын ұйымдар кешені болып саналады. Қазақстан Республикасында осындай ұйымдарға мемлекеттік және мемлекеттік қолдау көрсететін ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, халықаралық және шетелдік ұйымдар және коммерциялық ұйымдар жатады. Атқарымдық бағдарлануға байланысты инфрақұрылым институттарының құрылымы төмендегідей көрінеді: бизнесті қалыптастыру, жұмыс істеу және дамыту кезеңдерінде мемлекеттік қолдау және көмек көрсету; қаржылық қолдау; ақпараттық-аналитикалық қолдау, бизнестегі білім беру және кәсіптік дамыту саласындағы қолдау; материалдық-техникалық қамтамасыз ету. ҚР бизнес инфрақұрылымын қолдайтын және дамытатын кейбір ұйымдарды атап шығайық: «Даму» қоры» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Инжиниринг және технологиялар трансферт орталығы» АҚ, «Маркетингтік және талдамалық зерттеулер орталығы» АҚ. Осы мекемелердің барлығы жоғары қосылған құны бар жаңа өндірістік қуаттарды құруға және дамытуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірлемелерді қолдауға инвестициялау саясатын жүргізу үшін міндеттелген.

Кәсіпкерлікке қалыптасқан және дамыған кезеңінде материалдық-техникалық қолдауды бизнес-инкубаторлар, өнеркәсіптік парктер, өнеркәсіптік аймақтар, лизинг және факторингтік компаниялар, франчайзинг және т. б. көрсетеді.

**19. Инновацияларды дамыту үшін арналған бағдарламалар мен іс-шаралар.** Инфрақұрылымның өсіп келе жатқан деңгейінің көріністері болып елдің кластерлерінің дамуын зерттеу болып табылады. Кластерлер ресурстық әлеуетті барынша тиімді пайдалануға, шағын және орта кәсіпорындардың санының өсуін ынталандыруға, жаңа нарықтарға шығуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Инфрақұрылым объектілерін, қоймаларды, еңбек



ресурстарын, логистикалық қызметтерді, ғылыми жетістіктерді, сондай-ақ шикізат пен өндірісті кешенді жоспарлау, оны уақтылы жүзеге асыру жүйенің артықшылықтары арқылы шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында технопарктер желісін құру тұжырымдамасы шет елдерде (АҚШ, Қытай, Германия) инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылады. Технопарктер, әдетте, жоғары ғылыми және техникалық әлеуеті бар ғылыми және өнеркәсіптік ұйымдар желісі бар қалаларда және ішкі нарық мүдделері үшін құрылған. Сонымен қатар олардың тақырыптық, салалық және аймақтық айқын бағдарлануы бар. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының Курчатov қаласындағы «Ядролық технологиялар паркі», Батыс Қазақстан облысындағы «Алгоритм» «Технопарк» ЖШС (мұнай-химия өнеркәсібі), Орал қаласындағы «АТ машина құрылысында» Технопаркi және басқалар.

20. Инновациялық қызметті мемлекеттік қаржыландырудың көздері, көлемдері мен механизмдері. Қазіргі кезде отандық тәжірибеде ғылыми зерттеулерді және дамуды қаржыландырудың негізгі көздері болып бюджеттік қаражат, кәсіпорындардың меншікті қаражаты, клиенттердің қаржы ресурстары және шетелдік инвесторлардың қаражаты табылады. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша, 2007 жылы ЖІӨ-ге арналған ҒЗТКЖ шығындарының үлесі 0,26% құрды, бұл 2003 жылғыдан 2,2 есе артық. 2007 жылы ҒЗТКЖ шығындарының құрылымында бюджет қаражаты 13,6 млрд. теңге немесе 50,9%, жеке кәсіпкерлік қаражаты - 4,8 млрд. теңге немесе 18,0%, клиенттердің қаражаттары - 7,8 млрд. теңге немесе 28,9%, шетелдік инвестициялар - 0,45 млрд. теңге немесе 1,6% құрды. ҒЗТКЖ саласында перспективалық ғылыми әзірленімдерді қаржыландыру үшін, тіпті оларды өндірістік процеске енгізуге дейін, жеке сектормен бірге қаржыландырылған гранттар пайдаланылады. Гранттар алудың негізгі талаптары болып инновациялар мен идеяларды коммерцияландыру табылады. Қаржыландыру заңды тұлғаларға жобаларды әзірлеу (ЖӘ) нәтижесінде «Ұлттық инновациялық қор» АҚ акцияларына иелік ету құқығын қарастыратын шарттармен заңды тұлғаларға беріледі. Даму институттарының қызметін үйлестіру мақсатында ««Қазына» Тұрақты даму қоры» АҚ құрылды. Үйлестіру атқарымдарына қосымша құрылған құрылым қазақстандық экономиканың «өсу нүктелері» болып табылатын салаларда жұмыс істейтін шетелдегі трансұлттық корпорацияларда пакеттерді сатып алу үшін мемлекеттік қаражатты жинақтайды. Бүгінгі күні венчурлық қорлар инновациялар үшін қаржыландырудың маңызды көзі болып табылады. Сондықтан венчурлық

қорларды құру «Ұлттық инновациялық қор» АҚ (ҰИҚ) мемлекеттік қаржылық даму институтына жүктелді. Сонымен бірге, венчурлық қордың жарғылық капиталындағы ҰИҚ үлесі 49% -дан аспауы тиіс. Қаржыландыру инновациялық жобаларды жүзеге асыратын компанияларда акцияларды немесе қатысу үлестерін сатып алу арқылы жүзеге асырылатын болады. Қаражатты инвестициялау кезінде қосымша технологияларға, сондай-ақ бірдей өндірістік циклдің түрлі сатыларында орналасқан немесе ұқсас өнімдерді сататын компанияларға артықшылық беріледі. Бүгінгі таңда Қазақстанда 11 венчурлық қор, оның ішінде 6 отандық және 5 шетелдік венчурлық қор бар, олар өздерінің қызметін 2 жылға ұзартуға құқығымен 7 жыл ішінде жүзеге асыратын болады. Қазіргі уақытта олар жаңа материалдарды, ақпараттық технологияларды, жартылай өткізгіштерді өндіруді, биотехнологияны және фармакологияны құру сияқты облыстарда жалпы құны 25 млн. АҚШ доллары болатын 14 жобаны қаржыландырды (*дереккөзі- ҚР Статистика бойынша комитеті*).

**21. Жеке технологиялық салалардың дамуының ағымдағы жағдайы.** Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық белсенділігінің ерекшеліктері: өндірістегі инновациялық шығындардың өңдеуші өнеркәсіпте шоғырлануы (78%); Қазақстанның корпоративтік секторының негізін құрайтын ірі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің жоғары деңгейі; технологиялық инновациялардың құрылымындағы негізгі үлес (91%), бұл кәсіпорындардың өнімге емес, технологиялық үдерістерді етілдіруге және технологиялық әртараптандыруға бағдарлануын білдіреді, бұл шетел технологиясын беруден айтарлықтай тәуелділігімен және зерттеулер мен әзірленімдердің ішкі көздерінің әлсіздігімен байланысты; қазақстандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі түрі және шығындар мен осы тәжірибенің таралуы жабдықтар мен материалдарды сатып алу жолымен жаңа технологияларды енгізу болып табылады (52%). Корпоративтік сектордың жағдайына талдау жасалды. Қазақстанның ірі кәсіпорындарындағы корпоративтік ҒЗТКЖ және инновацияларды ұйымдастырудың нысандары қаралады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ, «КЕГОК» АҚ-ның корпоративтік жүйелерін салыстырмалы талдау, олардың кемшіліктері мен артықшылықтары атап өтілді. Корпоративтік ҒЗТКЖ шығындарының төмен деңгейі және олардың төмен динамикасы байқалды. Қазақстан Республикасының шағын және орта бизнесіне (ШОБ) инвестициялық капитал тарту стратегиясы кәсіпкерлік қызметті әртараптандыруға, профильді кеңейтуге, жаңа салаларды дамытуға,

шағын бизнес активтерін ұлғайтуға, экспортқа бағытталған жоғары технологиялық салаларды құруға және сыртқы нарықтарға қолжетімділікке бағытталған. Дегенмен, ШОБ нарықтық экономикаға қалай инвестиция салуы керектігі туралы ешқандай бірыңғай көзқарас жоқ. Инновациялар аясында инкубаторлар, технологиялық парктер, инновациялық және технологиялық орталықтар, зерттеу институттары, ақпараттық жүйелер, технологияларды жіберу орталықтары бірлесіп қызмет атқарады.

### **Қырғыз Республикасындағы инновациялық кәсіпкерлік.**

22. Қырғыз Республикасының өзгертілген нарықтық экономикасында инновациялық кәсіпкерлік коммерциялық негізде салынған шағын инновациялық кәсіпорындар желісін құруда көрініс табады. Қырғыз Республикасындағы инвестициялық және инновациялық қызметтің қазіргі жағдайы Ұлттық инновациялық жүйені (ҰИЖ) қалыптастыру кезеңі ретінде сипатталу мүмкін.

23. **ҰИЖ-нің нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру** ҰИЖ Қырғыз Республикасының Мемлекеттік инновациялық саясат тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпорындар мен ұйымдардың инновациялық қызметін қолдау мақсатында Қырғыз Республикасының Үкіметі 2003 жылғы 27 қаңтардағы № 28 мемлекеттік инновациялық қор құрды. Қырғыз Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 ақпандағы № 79 қаулысымен Қырғыз Республикасының 2022 жылға дейінгі кезеңге ғылыми және инновациялық даму тұжырымдамасы қабылданды және бекітілді, ол бірқатар құжаттар мен инновациялық қызметті реттейді.

Қырғыз Республикасының 2022 жылға дейінгі кезеңдегі ғылыми-инновациялық дамуы тұжырымдамасы (бұдан әрі - «Тұжырымдама») Қырғыз Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін (бұдан әрі - «ҰИЖ») перспективалық көру болып табылады және елдің дамуының принциптерін, негіздерін және басым бағыттарын анықтайды. Тұжырымдама 2013-2017 жылдарға арналған Қырғыз Республикасының тұрақты дамуының ұлттық стратегиясының негізінде жасалды. (бұдан әрі «ТДҰС»). Тұжырымдама инновациялық даму саласындағы Қырғызстанның алдына қойылған міндеттерді мемлекеттік инновациялық саясаттың мақсаттары, басымдықтары мен құралдарының айқын жүйесін құру жолымен шешуге арналған. 2017 жылы ҚР Жогорку Кенеш Қырғыз Республикасының 2018-2040 жылдары тұрақты

дамуының стратегиясына бекітті *«Таза коом. Жаны Доор»*. Қырғыз Республикасының 2018-2022 жж. арналған ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ. *«Бірлік, сенім, жасампаздық»* Қырғыз Республикасының Жогорку Кенештің 2018 жылғы 20 сәуірдегі 2377-VI Жарлығымен бекітілді.

**24. Инновациялық дамудың қолдаудың инфрақұрылымы.** Қырғыз Республикасының Премьер-Министрінің 2017 жылғы 7 қыркүйектегі № 609 қаулысымен бекітілген Қырғыз Республикасының Үкіметінің *«Жана Дорго Кырк Кадам»* бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қырғыз Республикасының Үкіметінің Басымдық шаралар жоспарының шеңберінде 56 іс-шара қарастырылған. Кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, экспорт көлемін ұлғайту, салық түсімдері мен жаңа технологияларды тарту мақсатында экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды қаржыландыру бойынша жоба іске қосылды. Республикалық бюджеттен 10% сыйақы мөлшерлемесіне демеу қаржы беру үшін 350 млн. сом бөлу туралы шешім қабылданды. 2017 жылғы 20 желтоқсандағы жағдай бойынша экспортқа бағдарланған кәсіпорындар коммерциялық банктер арқылы 700 млн. сом мөлшерінде жеңілдікті несиелер алды. Бұдан басқа, 2017 жылы Қырғыз Республикасының Үкіметі Қырғыз Республикасының Үкіметі 2017 жылдың 22 қыркүйегіндегі № 602 Қаулысымен бекітілген Қырғыз Республикасының Үкіметінің *«Жаңа Дорго Кырк Кадам»* бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қырғыз Республикасының Үкіметінің 100 күнге әрекеттерінің жоспарын әзірледі және бекітті. Осы жоспарда 8 басым бағыт бойынша 115 іс-шара қарастырылған. Қырғызстанда кәсіпкерлер үшін арнайы аймақтар «Бішкек» АЭА және «Нарын» АЭА құрылған.

**25. Инновациялардың дамуы үшін арналған бағдарламалар және іс-шаралар.**

Дамудың қазіргі кезеңінде мемлекетаралық қатынастар жүйесіндегі елдің рөлі мен орны, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі және ұлттық қауіпсіздік еліміздің инновациялық даму деңгейіне байланысты. Сондықтан, Қырғыз Республикасындағы инновациялық жүйені, зияткерлік меншік нарығын (бұдан әрі - ЗМ) қалыптастыру еліміздің ұлттық мүдделерінің бірі болып табылады. Қырғыз Республикасы Президентінің 2013 жылғы 21 қаңтарды № 11 Жарлығымен бекітілген Қырғыз Республикасының Тұрақты дамуының 2013-2017 жж. арналған ұлттық стратегиясында инновациялар арқасында елдің бәсекеге қабілеттілігінің жоғарлауы басым салаларының бірі болып табылады.

Қырғыз Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 9 қарашадағы №1053-VI Қаулысымен бекітілген Қырғыз Республикасы Үкіметінің «Сенім мен бірлік» Бағдарламасында келесідей айтылған: «Экономиканы жаңғырту экономиканың келешегі мол салаларының техникалық қайта жаратандырылуын және қазіргі заманғы технологияларды енгізуді талап етеді. Қырғыз Республикасының экономикасы фискалды, әкімшілік және заңнамалық нормалармен ынталандырылатын жаңа технологиялар мен инновацияларға ашық». Мұның бәрі елде, оның ішінде инновациялық салада инвестициялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасалатындығын дәлелдейді. Қырғыз Республикасында гидроэнергетиканы дамыту үшін үлкен әлеуеті бар, бұл АЖ негізіндегі энергетика саласына жаңа технологияларды тартуға және құруға мүмкіндік туғызады, әсіресе Қырғыз Республикасының гидроэлектростанциялар жүйесін дамыту үшін *(дереккөз- Қырғыз Республикасының Әділет министрлігі. Бішкек, 2016 ж.)*.

**26. Инновациялық технологияларды мемлекеттік қаржыландырудың көздері, көлемдері және механизмдері.** Республикада технологиялық инновацияларға шығындардың жалпы сомасында кәсіпорындардың меншікті қаражаты- 70,4%, шетел инвестициялар- 11,5%, қаржыландырудың басқа көздері 18,1% құрады. Азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындарда меншікті шығындар 78,5%, шетел инвестициялар- 20,6% және қаржыландырудың басқа көздері 0,9% құрады. 2009 жылы технологиялық инновацияларға шығындар республика кәсіпорындарында көбінесе машиналар мен жабдықты сатып алуға жұмсалған, нақты айтқанда, жалпы шығындардың 85,4% пайызы. Оған қоса инновацияларды енгізу үшін өндірісті дайындауға, өнеркәсіптік жобалауға шығындар тек қана 3,5%, технологиялық инновацияларға басқа шығындар 7,8% құрды. Республика кәсіпорындары технологияларды беруге көбірек бағдарланған және «ноу-хау» сияқты өнімді мүлде шығармайды деуге болады. Осы салаларды дамытуға жаңа технологияларды енгізу қажеттілігі осы саладағы өнертапқыштық және инновациялық қызметтің белсендірілуі үшін итермешілік туғызу мүмкін. Қырғыз Республикасында ауыл шаруашылықты дамыту үшін қолайлы климаттық жағдайлары бар. Тұқым шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және ауыл шаруашылық өнімін өңдеу үшін ЗМ жаңа нысандарын құру және енгізу ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті өнімнің өндірісін жоғарлатады. Осылайша, техникалық ілгерілеу жылдамдатылады, техникалық жаңа еңгізілімдермен халықаралық алмасу рәсімі жеңілдетіледі. Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық

комитетінің деректері бойынша, 2010-2017 жылдар кезеңінде инновациялық қызметке құйылған инвестициялар көлемі 2,5 млрд. сом шамасында құрды (дереккөз- *Қырғыз Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті. 2016 ж.*)

**27. Жеке технологиялық салалардың дамуының ағымдағы күйі.** 2017 жылы сұрау алынған кәсіпорындар инновациялық өнімді 1243,7 млн. сомға, немесе өткізілген өнімнің жалпы көлемінен 1,2 пайызға, өткізді (2013 жылы- 1,6 пайыз, 2014 жылы- 0,4 пайыз, 2015 жылы- 1,5 пайыз, 2016 жылы- 3,0 пайыз). Сонымен қатар жаңадан енгізілген немесе айтарлықтай технологиялық өзгертілген өнімдердің көлемі 1239,5 млн. сом (инновациялық өнімдердің жалпы көлемінен 99,7 пайыз) және басқа инновациялық өнімдердің- 4,2 млн. сом (0,3 пайыз) құрды. Салада технологиялық инновацияларға шығындарды отандық экономиканың негізгі қорларды жаңғырту және негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өнімдерді кеңейтуде нақты қажеттіліктерімен анық салыстыруға мүмкін емес. 2017 жылы технологиялық инновациялардың құны 2437,0 млн. сом құрды. Инновацияларды енгізу, заманауи технологияларды сатып алу сияқты инновациялар түрлеріне баталыс өршіп келеді. Осылай, 2017 жылы 9 кәсіпорын машиналар мен жабдық сатып алған, ондағы шығындар 1186, 2 млн. сом құрды (технологиялық инновацияларға жұмсалған жалпы шығындардың 82,5 пайызы). Жаңа технологияларды 11 кәсіпорын 20 млн. сом сомасына сатып алды. Зерттеулер және эзирленімдер осы мақсаттарға 200, 4 млн. сом жұмсаған екі кәсіпорынмен жүргізілді. Технологиялық, маркетингтік және ұйымдастырушылық инновацияларға жұмсалған шығындардың жалпы сомасында кәсіпорынның меншікті қаражаты 6,5 пайыз, шетел инвестициялар- 17,8, қаржыландырудың басқа көздері- 75,7 пайыз құрады. Жоғарыда айтылғанның негізінде республика кәсіпорындарының инновацияларды енгізу үдерісі аса төмен болып қалатынын және технологиялар түрдегі шетел инновацияларына тәуелді болатынын айтып ескерту қажет.

### **Түркиядағы инновациялық кәсіпкерлік**

28. Елдің сәтті экономикалық дамуының көрсеткіші олып экономикалық өсудің жоғары қарқыны табылады. Іс жүзінде бұл экономикалық өсуді инновациялардың қарқындылығын жоғарлату арқасында ынталандыру арасындағы тікелей байланыспен анықталады. 2016 жылы, Түркия статистика органдарының деректері бойынша, Түркия тарихында тұңғыш рет іздеулер мен

инновациялық зерттеулер жүргізу үшін жалпы шығындар елдің ЖІӨ 1,5%-ға артып кетті. Түркияда мемлекеттік биліктің инновациялық саясаттың басым бағаттарын анықтаушы негізгі органы болып Өнеркәсіп, ғылым және технологиялар министрлігі табылады. Түркияның 1963 жылы құрылған және Министрліктің бағынуында болған Ғылыми-техникалық зерттеулер бойынша агенттігі (TÜBİTAK) Түрік Республикасының инновациялық саясатының даму саласындағы атқарушы биліктің негізгі органы болады. TÜBİTAK негізгі мақсаты болып ғылымның және озық технологиялардың дамуына жәрдемдесу, инновациялық және зерттеу жұмысты қолдау және жас зерттеушілерді қолдау табылады.

29. Инновациялық қолдаудың **нормативтік-құқықтық базасы** ҒЗОТЖ қолдау туралы № 5974 Заңнан, Ғылым, технологиялар және инновациялардың дамуының 2011-2016 жылға арналған стратегиясынан, ҒЗОТЖ және инновациялардың энергетикалық саладағы ұлттық стратегиясынан, ҒЗОТЖ және инновациялардың су ресурстар саласындағы ұлттық стратегиясынан, ғылым және техника үшін адами ресурстар саласындағы 2011-2016 жылдар кезеңіне арналған ұлттық стратегиядан, «Технологиялық дамудың аймақтары туралы (ТДА)» № 4691 Заңнан тұрады. Осы заңға түзетулер екі рет енгізілді: 2004 жылы - № 5035 Заңы (ҒЗТКЖ өткізетін коммерциялық және коммерциялық емес кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау шаралары туралы); 2005 жылы - № 5281 Заңы (ҒЗТКЖ өткізетін кәсіпорындарға салық салынуудағы өзгерістер) (*дереккөз - Түркия Республикасы Әділет министрлігі. Анкара, 2016 ж*). Түркия ТДА құру және пайдалану ережелеріне қатысты заңнамалық базаны жетілдіру бойынша үнемі жұмыс істейтінін атап өту керек. Осылайша, технологиялық даму аймақтар - технопарктерді құру туралы № 28939 ережесінің негізгі жиынтығы күшіне енді. Түркияның барлық салаларындағы, оның ішінде инновациялық дамуды қоса алғанда, дамуының іргелі стратегиясы болып Түркия Республикасының құрылуының жүз жылдығына орайластырылған «Аңғарылым-2023» стратегиясы табылады.

30. **Инновациялық дамуды қолдаудың инфрақұрылымы.** Түркия Республикасы елдің инновациялық дамуын қолдау үшін инфрақұрылымды құруға ерекше көңіл бөледі. Түркия үкіметінің пайымдауынша, елде дамыған инновациялық экономика үлгісін құру мемлекет дамуының басымдықтарының бірі болып табылады. Осы жоспарларды жүзеге асыру үшін 2001 жылғы 26 маусымда Түркияның Ұлы Халықтық Мәжілісі № 4691 «Технологиялық даму

аймақтар (ТДА) туралы» Заң қабылдады. ТДА- ол жоғары технологиялық өндірістерге инвестицияларды тарту және зерттеуді қолдау үшін арнайы құрылған аймақтар. Айрықша ТДА (технопарк) - бұл ғылыми-зерттеу институттары, өндірістік нысандар, бизнес орталықтары, көрме алаңдары, оқу орындары, сондай-ақ қызмет көрсету объектілері кіретін мүліктік кешен: көлік құралдары, кірме жолдар, қауіпсіздік қызметтері. Түркияда зерттеулер мен әзірленімдерді қолдау көрсету үшін, жоғары технологиялық салаларға инвестицияларды тарту үшін технопарктер құрылады. Қазіргі уақытта елде 53 технопарк (39 жұмыс істеп тұрғандар, 14 инвестициялық және құрылыс салу кезеңінде) және жоғары оқу орындары мен ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар базасында әрекет етуші 142 ғылыми-зерттеу орталықтары бар. Алты осындай аймақ Анкарада, бесеуі Стамбулда, төртеуі Коджаэлиде және үшеуі Измирде орналасқан. Стамбулдың маңындағы «Гёзтепе» өнеркәсіптік аймағында TÜBİTAK және Түркияның басқа мүдделі ведомстволары түрік және еуропалық ғалымдардың қатысуымен ғылыми мәселелер бойынша конференциялар, семинарлар өткізетін келіссөз алаңшасы орналасады.

### **31. Инновацияларды дамыту үшін арналған бағдарламалар мен іс-шаралар.**

Түркиядағы инновациялық даму бағдарламасы аясында наноэлектроника, нанофотоника, нанотекстиль, аса жылдам лазер және спектрографтар, нанометрлік шәкілі бар наномагнитті тетіктер мен бақылау-өлшеу құралдар саласында зерттеулер жүргізілетін Ұлттық нанотехнологиялар ғылыми орталығы құрылды. Түркияда инновациялық даму саласындағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік кеңінен таралғанын атап өткен жөн. Осылайша, Түркияның ең ірі қаржылық және өнеркәсіптік тобы «Sabancı Holding» Түркияның Мемлекеттік жоспарлау ұйымымен бірлесіп отырып, Сабанджи Университетінің базасында Нанотехнологиялар және енгізу орталығын құрды. Орталық биотехнология және биоинженерия, IT-технологиялар, электроникадағы инженерия, мехатроника және робототехника саласында зерттеулер жүргізеді. Жақын болашақта қатты және үйкеліске төзімді жабындар, нанобиотехнологиялар, наноөткізгіштер, кванттық өткізгіштік, нанокристалдар бойынша зерттеулер жүргізілуі жоспарлануда. Ең ірі инновациялық даму орталықтарының бірі болып Түркияның Энергетика институты, Генетика және биотехнология институты, Азық-түлік институты, Химия институты, Геология институты кіретін Ғылыми-техникалық зерттеулер бойынша Кеңесіне бағынатын «Мармара» ғылыми орталығы табылады.



Мармарадағы ғылыми-зерттеу орталығының негізгі серіктестері болып Стамбул университеті және Стамбул техникалық университеті, сондай-ақ бірқатар еуропалық және американдық ғылыми-зерттеу институттары мен университеттері табылады.

32. Инновациялық қызметті мемлекеттік қаржыландырудың көздері, көлемдері мен механизмдері. ҒЗТКЖ туралы заңға сәйкес, мемлекет Түркияда зерттеу орталықтарының қызметкерлер саны 50 адамнан кем болмаған жағдайда зерттеу жобаларға қолдау көрсетіледі. Жаңа заңда көзделген ережелер 2024 жылға дейін күшінде болады және мыналарды қамтиды: 1. Егер мамандардың саны 500 адамнан асатын болса, зерттеулер мен әзірленімдерге салық базасынан шығындардың толықтай алып тасталуы. Бұдан басқа, ағымдағы есептік жылдағы тиісті шығындардың жоғарлатылған көлемінің жартысы өткен жылмен салыстырғанда өтелген. 2. Қызметкерлерді табыс салығын төлеуден босату (бұл ереже 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде қалады). 3. Қызметкерлерге 5 жылға дейінгі мерзімге әлеуметтік сақтандыру төлемдерінің 50% беру. 4. Тиісті құжаттарды дайындағанда мемлекеттік баждарды төлеуден босату. 5. Зерттеулер және әзірленімдер үшін дамыту үшін 100 000 түрік лира мөлшерінде бастапқы капитал беру. Жергілікті және шетелдік компаниялардың ТДА-ға қатысуының артықшылықтарын атап өту қажет: 1. Бағдарламалық жасақтаманы және басқа да зерттеулер мен әзірлемелерден әзірлегеннен алынған пайда 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін корпоративтік табыс салығы мен корпоративтік салықтан босатылады. 2. Тек қана технологиялық даму саласында шығарылған қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатудан түскен пайда 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін ҚҚС-нан босатылады. Бұл басқару, деректерді басқару бойынша бағдарламалық жасақтаманы, қызметтің әртүрлі салаларындағы коммерциялық мәселелерді шешу үшін арнайы қолданбалы бағдарламалар, интернет-қолданбалар, ұялы телефондар, сондай-ақ әскери жедел басқару жүйесін қамтиды. 3. 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін ҒЗТКЖ саласындағы қызметкерлердің және технологиялық аймақта жұмыс істейтін қызмет көрсететін қызметкерлердің жалақысы барлық салықтардан босатылды. Осы босатумен қамтылған қызмет көрсететін қызметкерлердің саны ҒЗТКЖ саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің жалпы санының 10% -нан аспауы тиіс. 4. Түркия Үкіметі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін 5 жыл ішінде қызметкерлер үшін әлеуметтік сақтандыру бойынша төлемдердің 50% төлейді. Сонымен қатар, Түркияда инновацияларды мемлекеттік қаржыландыру үшін бірқатар бағдарламалар бар: «Индустриялық

тезистер» Бағдарламасы (SANTEZ). Жаңа технологиялар енгізуді, өндірістік процестерді дамытуды, өнім сапасын жақсарту және табиғатты қорғау іс-шараларын жүзеге асыруды тікелей қаржылық қолдау университеттермен ынтымақтастық жолымен жүзеге асырылады: - жоба бюджетінің 75% -на дейін тікелей гранттар түрінде беріледі; Түркияда жобаны іске асыру мерзімі 3 жыл, бұл мерзім 6 айға ұзартылуы мүмкін; - зертханалық зерттеулерді, материалдар мен жабдықтарды сатып алуды қаржыландыру. Технологияларды дамыту жобалары үшін арналған кредиттер. Түркияның технологиялық дамуын ұйымдастыру (TTGV) технологияларды дамытуға, жаңартылатын энергия көздерін өндіруге, энергия тиімділігін арттыру және қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған жобаларға пайызсыз ұзақ мерзімді кредиттер ұсынады.

**33. Жеке технологиялық салалардың дамуының ағымдағы жағдайы.** Түркиядағы 2016 жылдағы жеке технологиялық салалардың арасында біз төмендегілерді бөліп көрсете аламыз: Кибернетика және ақпаратты қорғау орталығы (TYBITAK BILGEM) 31 зерттеу жобамен және Түркия министрліктері мен ведомстволары, сондай-ақ шетелдік тапсырыс берушілер тапсырыс жасаған 237 жобамен жұмыс істеді. Маңызды жобалардың ішінде Түркия азаматының бірыңғай электрондық карточкасын (UKTYUM жобасы) құру жөніндегі жұмыстың аяқталуын атап өту қажет, оның арқасында 12-ден астам ұлттық патент тіркелді. Биылғы жылы «Мармара» зерттеу орталығы биотехнология және қалдықтарды кәдеге жарату саласындағы жобаларға айрықша көңіл бөледі. Өнеркәсіптегі биоотынды қолдану бойынша бағдарлама аясында 2020 жылға дейін Түркияда алғашқы электрқұрылғыны дамыту, сұйық отынның әртүрлі түрлерін зерттеу және оны өндіру жобасы, E1000 жобасы - жеке әзірлемелер мен жетістіктерге негізделген түрік гидроэлектростанциясын құру бойынша 228 жоба жүзеге асырылды

*(дереккөз: «Түркияның экономикасын шолу және сыртқы сауда қызметінің негізгі бағыттары» журналы. 2016 ж.)*

### **III. ҚОРЫТЫНДЫ**

34. Осылайша, біздің ойымызша, инвестициялық және инновациялық іс-шараларды іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуға тиіс: капиталдың жұмыс істеу тәртібін реттеу үшін құқықтық және нормативтік базаны айтарлықтай ырықтандыру, қолайлы инвестициялық климатты құру, инфрақұрылымды құру, қаржы нарығының инвестициялық сегментіне қызмет

көрсету және институционалдық инвесторлар үшін жеңілдіктерді анықтау. Инвестициялық ахуалды жақсарту және ТҮРКПА қатысушы елдердің экономикасына тікелей инвестиция тарту үшін мәселені іс жүзінде шешуге көмектесетін «ТҮРКПА қатысушы елдерінің инвестициялық мүмкіндіктері туралы» парламентаралық келісімді әзірлеу және бекіту қажет. Осы Келісім аясында инвестициялық нарықтың ішкі инвестициялар, портфельдік инвестициялар, шетелдік инвестициялар және инновациялық бағытты қайта инвестициялау сияқты сегменттерінің мүмкіндіктерін ескеру қажет.

35. Инвестициялық және инновациялық қызметті ынталандыру жүйесі экономика саласындағы мемлекеттің қосарлы міндетін шешуге ықпал етуі тиіс: инновацияларды жалпы белсендіру, құрылымдық түзетуді қамтамасыз ету және тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары арқылы азық-түлік, тоқыма, өңдеу өнеркәсібі сияқты ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілетті ықтимал секторларын ұлғайту.

36. Халықтың жинақтауға бейімділігі төмендетіп және тұтынуды жоғарлатып, инвестициялық салаға ішкі ресурстарын тартудың қаржы инфрақұрылымын, нысандары мен әдістерін дамыту, халықты тұтынуды үнемдеуге және тұтынуды арттыруға бейімділігін төмендету қажет. Инвестициялық қызметті жандандыру үшін мемлекеттің қатысуымен компаниялардың акцияларын және мемлекет қатысуы бар компаниялар облигациялары мен акцияларын шығару арқылы ішкі ресурстарды жинақтау қажет.

37. Яғни, инвестициялық және инновациялық салалардағы қолайлы жағдайлар жасау өзімен бірге экономика саласына жаңа жоғары технологиялық өндірістерді, негізгі құралдардың жаңғырылуын, қосымша жұмыс орындарын құруды, басқару, маркетинг, ноу-хау саласындағы озық жетістіктерді енгізу, ішкі нарықты жоғары сапалы тауарлармен қанықтандыру, өнімнің экспортталуын жоғарлату.